


Бекітілді: 
«Бөбек» балабақшасының
менгерушісі: Г.Ж.Кажғалиева



**«Бөбек» балабақшасындағы педагогикалық-психологиялық
қызметтің 2021-2022 оқу жылына арналған ата-аналармен
жұмыс жоспары**

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022 ж.ж.

№	Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың мақсаты	Жұмыстың түрі	Зерттелуші нысана	Өткізілетін мерзімі
1	Балабақшаға жаңадан келген балалардың ата-аналарымен жұмыс	Ата-аналардың өзара жақынырақ танысуына ықпал ету	Сауалнама	Ата-аналар	Қыркүйек
2	Баланың балабақшаға бейімделу ерекшелігі	Балалардың бейімделуін жеңілдету	Кеңес		
3	«Отбасыммен бақытты бала болдым алақай»	Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын нығайту	Дөңгелек үстел		
4	«3 жас дағдарысы»	Ата-аналарға бала дамуының негізгі кезеңдерінің бірі 3 жас дағдарысы туралы ақпаратты баяндау	Баяндама	Ата-аналар	Қазан
5	Сіз қандай ата-анасыз?	Ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау.	Сауалнама	Ата-аналар	Қараша
6	«Тәрбие басы-отбасы»	Бала тәрбиесін ата-аналармен біріге шешу	Дөңгелек үстел	Ата-аналар	Қараша
7	«Отбасында баланы қалай тәрбиелейміз?»	Отбасындағы бала тәрбиесі жайында толықтай ата-аналарды мағлұматпен қамтамасыз ету.	Баяндама	Ата-аналар	Желтоқсан
8	«Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас»	Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.	Тренинг	Ата-аналар	Қаңтар

9	«Тәрбие жолдарын қалай қалыптастырамыз» тақырыбында дөңгелек үстел	Бала тәрбиесіне ата-анамен бірге ат салысу	Дөңгелек үстел	Ата-аналар	Ақпан
10	«Балаңызды толық білесіз бе?»	Ата-анамен бала арасындағы атынасын анықтау	Сауалнама	Ата-аналар	Наурыз
11	«Ата-ана мен балабақша бірлестігі»	Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін көрсету	Дөңгелек үстел		Сәуір
12	«Балаңыз мектепке дайын ба?»	Баланың мектепке деген көзқарасын, дайындығын анықтау	Сауалнама	Балабақша түлектерінің ата-аналары	Мамыр
13	Баланың психологиялық дамуындағы өзекті тақырыптарға қатысты стенттік кеңестер мен ата-аналар жииналысына қатысу	Баланың түсіне білу мүмкіндіктерін молайту	Әңгімелесу Кеңес Жаднама тарату	Ата-аналар	Жыл бойы

Бекітілді:

Г.Ж. Кажгалиева

«Бөбек» балабақшасының

меңгерушісі: Г.Ж.Кажгалиева

«Баланың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері»

(кеңес)

Педагог- психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021- 2022 ж.ж

Баланың балабақшаға бейімделуі кезінде ата-аналарға психологиялық кеңес.

Баланың балабақшаға бейімделуі өзінің психо-физиологиялық және тұлғалық ерекшеліктеріне, отбасылық қарым-қатынастарына, мектепке дейінгі мекемедегі қатысу шарттарына байланысты. Анасынан және жанұядан тыс жерде ересектер және өзге балалармен жаңа қарым-қатынас орнату бала үшін қиындық тудырады. Әр бала жаңа жағдайға әртүрлі бейімделеді. Мысалы, 2-3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс, өйткені анасымен құштарлық сезімі тығыз, анасының жоқ болғаны баланың қарқынды қарсылығын толғатады, әсіресе бала сезімтал болса. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен;
- Кейбір тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы: қызылша, орамжапырақ, картоп;
- Балабақшаға келген алғашқы күндері 2 сағатқа қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады.

Әр отбасында бейімделудің үш түрі бар.

- Жеңіл түрі – баланың мінез-құлқы 10-15 күнде қалпына келеді;
- Орташа ауырлық бейімделу - 1 айдың ішінде;
- Ауыр бейімделу – 2 айдан 6 айға дейін. Бала үшін өзінің отбасында өзін ұстау ережелері қалыптасып қалған. Балабақшаға келген күннен бастап үйреншікті өмір сүру ортасы өзгереді.

Бұл неден көрініс табады?

- Баланың эмоционалды жағдайы, ұйқысы, тәбеті нашарлайды;
- дене қызуы көтерілуі мүмкін;
- бала бойында қалыптасып қалған жақсы қасиеттерінің жоғалуы мүмкін;
- иммунитеттің төмендеуі, салмағының азаюы мүмкін. Бала ортаға бейімделгеннен кейін эмоционалды жағдайы қалпына келеді.

Қобалжулары қатты ата-аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені ата-анасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая бастайды. Осы кезде ата-аналар балаға көмек беруі керек.

Психологтің кеңесі:

- Баланы балабақшаға апармас бұрын, оның өзге балалармен көбірек араласуына мән беріңіз. Балалар саябағына, ойын алаңдарына жиі ертіп барып тұрғаныңыз абзал. Құмда ойнауға, әткеншекте ұшуға үйретіңіз;
- Балаңыз баратын топтың тәрбиешісімен алдын ала танысып алыңыз. Баланың бойындағы жеке ерекшеліктерінен хабардар етіңіз;
- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып, баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз;
- Баланың үйдегі жағдайда өзіне-өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, дәретке сұрану т.б.;
- Баланы ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын.
- Баламен жағымды эмоционалды жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата-ана жағынан болуы қажет. Балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп, балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.
- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс: тәрбиешімен танысып, жаңа достар табу үшін.
- Бейімделу кезінде үйде демалыс күндері баламен көп шұғылданду керек.
- Балабақшаға бала тек ауырмай келуі қажет.

Психолог баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында бақылауға алады. Балабақшада баланың өзін еркін сезінуіне қажетті машықтарынан басқа, оның ұжымға араласуға психологиялық дайындығы да аса маңызды. Баланың көңілін ашық, жылтыр заттар өзіне аударады. Мысалы: сабын көпіршіктері, шарлар. Тәрбиешілер баланың назарын топтағы ойыншықтарға аудару қажет. Саусаққа киетін ойыншықтарды алып баламен сөйлесу, доппен ойын ұйымдастырып, жаңадан келген балаларды шақыру керек. Эмоция балалардың өмірінде маңызды роль атқарады. Олар шындықты ұғындыруға және дұрыс қарым-қатынас құруға көмектеседі. Сезім бет-әлпетімізде, іс-әрекетте, ым-ишарадан көрініп тұрады. Тәрбиешілер мен психологтардың балалармен жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасауындағы басты мақсаты – баланы өзі туралы айтуға, өзінің сезімі, ойы, әдеті туралы әңгімелесуге, оны ой елегінен өткізіп баға бере білуге, тек өзіне ғана емес, жанындағы адамдарға да көңіл аудартып, оларды өзіндік табиғи болмысымен қабылдап, ізгі-ниет, ықылас таныта білуге, эмоционалдық көңіл-күй мен мінез-құлықты ұғына білуге үйретуден басталады. Баланың қабілеттерін ашуда, дамуында, бойындағы икемділіктерін байқауға, баланың психологиялық және жеке тұлғалық дамуындағы болатын кемшіліктерінің алдын алуда психологиялық көмектің маңызы зор. Баланың балабақшаға бейімделуі оның жағдайы мен көңіл-күйінің тұрақтануы болып табылады. Балалар жаңа ережелерге, бір-бірімен сыйластыққа үйренеді. Ең бастысы, ата-ана баланың балабақшаға бейімделуіне өз ықыласы бар екенін түсінуі тиіс. Балабақшаға бейімделу мәселесі мерекеден, демалыстан және жанұяның ішкі жағдайлары өзгергенде (сәби дүниеге келгенде, анасы іс-сапарға кеткенде және т.б жағдайларда) қайта жалғасуы мүмкін. Балабақшада қалу уақытын азайтып, апта арасында үзіліс ұйымдастырумен шешуге болады. Балабақша туралы баламен әңгімелескенде, онда көп нәрсе үйренуге, баланың және тәрбиешісімен достасуға болатындығын айту қажет. Ата-ананың сенімділігі, жайлылығы балаға сенімділік берері сөзсіз. Үйдің жайлы және әдеттенген атмосферасынан ажырап, ол балабақшадан қажеттігін тауып, тәрбиешілермен балалармен жақсы қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Туындаған мәселелер бірдей болуы мүмкін, бірақ әр ата-анада одан шығу жолдары әртүрлі.

Егер де балаңыз жоғарыда айтылған машықтардың бәріне әдеттенген болса, онда ол балабақшаға баруға толығымен дайын. Дегенмен де, баланы балабақшаға дайындауға көбірек уақыт бөлсеңіз, оның жаңа өмірге бейімделуі оңай болмақ..

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

Хаттама

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделу ерекшеліктері»

Мақсаты: Балалардың бейімделуін жеңілдету.

Жұмыс түрі: Кеңес

Контингент: Жаңадан келген балалардың ата-аналары.

Уақыты: қыркүйек

Жұмыс барысы

Ата-аналарға арнайы кеңестер таратылады. Олар сұрақтарға жауап беру арқылы сауалама толтырады.

Қорытынды: Ата-аналар кеңеске белсене қатысты. Түсінбеген сұрақтарын сұрап, толыққанды жауап берді.

Ұсыныс: Ата-аналар мен баланың және балабақшаның ынтымақтастығын арттыруда шаралар өткізу.

Педагог- психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

Педагог-психолог
Дәулетова

«Ата-ана мен бала арасындағы қарым- қатынас»

(тренинг)

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022 ж.ж.

Тақырыбы: «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас».

Мақсаты: Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Тренинг бағдарламасы:

1. «Есімдер аллитерациясы».
2. Баяндама. «Ата-ана махаббаты».
3. «Қолынан танып біл!».
4. «Мен жақсы ата анамын...өйткені...».
5. «Қара жорға» биі
6. «Тілек шамы».

Тренинг барысы:

I. «Есімдер аллитерациясы»

Мақсаты: Ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.

Шарты: Әр отбасынан бір адам осы жерде отырған отбасы мүшелерінің есімдерін айтып және де есімдерінің бірінші әрпінен басталатын жағымды қасиетін айту қрек.

Әр отбасының сөзінен кейін қалғандары үш рет қол соғып қошеметтеп қояды.

Сіздің есіміңізді, жақсы қасиетіңізді айтып жатқанда қандай сезімде болдыңыз?

Өзіңіз қазіргі кезде қандай көңіл-күйде отырсыз?

II. Баяндама. «Ата-ана махаббаты»

Адамдар арасындағы қарым-қатынаста адамгершілік, әдеп-инабат үрдістерінің қаншалық кең жайылып, терең тамырлануы, ең алдымен, олардың жекелеген отбасында өркен жаюына, яғни баланың ата-анасын жан-жүрек қалауымен, саналы түрде ардақтап, құрметтеуіне, инабат тағылымын үлкендерден үйрене отырып, олардың өздеріне деген қарым-қатынастарында мүлтіксіз жүзеге асырып отыруларына байланысты.

Адам өмірінің мәне мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі — баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Бұл – жас ұрпақтың мәдениеттілігін, әдептілігінің ғана емес, ең алдымен, адамшылығының белгісі.

Бала – ата- ана өмірінің жалғасы. «Баламның табанына кірген шөңге менің мандайыма кірсін,» деп әлпештеп өсірген перзенті ауырып не басқа бір қатер төнгенде мойындарына бұршағын салып, «Өзімді алып, баламды аман қалдыр!» деп құдайға жалбарынған.

Бала тәрбиесі – қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін күрделі процесс.

Ата-аналардың жастығы мен бала тәрбиесіндегі тәжірибенің жоқтығы, болмаса тәрбие жұмыстарында тек қана өз ойлары мен көзқарастарына ғана жүгінуі немесе қажетті педагогикалық білімдерінің жетіспеушілігі салдарынан тәрбие процестері көптеген қателіктерге ұшырап отырады.

Сондықтан да мектеп өміріндегі ата-аналардың педагогикалық білімін жетілдіру, мәдениетін арттыру, бала тәрбиесіне белсене араластыру, соның

нәтижесінде ата-ананы баланың алғашқы ұстазына айналдыру мақсатында ұйымдастырылатын семинар тренингтердің маңызы орасан зор.

III. «Мен жақсы ата анамын...өйткені...»

Мақсаты: Ата-ананың өзің өзі бағалай білуге жағымды ықпал тигізу.

Қатысушы ата-аналар өздерінің бала тәрбиесінде қолданатын барлық тәжірибиелерімен бөлісіп, өзге ата-аналарға кеңес ретінде айтуына болады.

IV. «Қолынан танып біл!»

Мақсаты: Отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.

Көздері байлаулы ата-аналар балаларын тауып алулары керек.

Талдау:

1. Сізге балаңызды табуға не көмектесті?
2. Балаңыздың қолынан ұстағанда не сезіндіңіз?

V «Қара жорға»

Мақсаты: Ата-ана мен балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Ата-аналарымен бірге би қимылдарын орындау.

VI. «Тілек шамы»

Мақсаты: Қатысушылар тренинг туралы пікірлерін ортаға салып, жылы лебіздерін білдіру.

-Құрметті ата-аналар, балалар. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя – жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Бір-бірімізге мына шамды бере отырып бүгінгі кездесуден алған әсерлеріңізбен бөлісіп, тренинг барысында айта алмай қалған ойларыңыз болса барлығыңыз да осы жерде айтуларыңызды сұраймын.

Хаттама

Тақырыбы: «Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас».

Мақсаты: Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін психологиялық жаттығулар арқылы көрсету.

Жұмыс түрі: Тренинг

Контингент: Ата-аналар мен балалар.

Уақыты: Қаңтар

Жұмыс барысы

№	Жаттығу атауы	Мақсаты
1	«Есімдер аллитерациясы»	Ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2	«Мен жақсы ата анамын...өйткені...»	Ата-ананың өзі бағалай білуге жағымды ықпал тигізу
3	«Қолынан танып біл!»	Отбасындағы қарым-қатынасты нығайтуға өзара түсінушілікте ата-аналар мен балаларға қолдау көмек көрсету.
4	«Қара жорға»	Ата-ана мен балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.
5	«Тілек шамы»	Қатысушылар тренинг туралы пікірлерін ортаға салып, жылы лебіздерін білдіру.

Қорытынды: Ата-аналарға тренингтік шара ұнады. Олар шараға белсенді қатысты.

Ұсыныс: Ата-аналарға тренингтік шараларды ұйымдастырып тұру.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

Текісерден
Аманжол

**«Ата-ана мен балбақша
бірлестігі»
(дөңгелек үстел)**

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022 ж.ж.

Тақырыбы: «Ата-ана мен балабақша бірлестігі» дөңгелек үстел.

Мақсаты: Бала тәрбиесін ата-аналармен біріге шешу. Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту.

Көрнекілігі: Ақ қағаз, қалам

Барысы:

Сәлеметсіздерме құрметті ата-аналар. Бүгінгі біздің «Ата-ана мен балабақша бірлестігі» атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер! Қазір мен сіздерге сұрақтар дайындап қойдым. Сол сұрақтарды оқып, өз ойларымызбен бөлісейік.

I. «Аялы» жаттығуы

Мақсаты: жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Нұсқаулық: Қатысушылар шеңбер болып тұрады, жаттығу сағат тілімен жүргізіледі. Сол жағындағы көршісінің иығына алақанын қойып, «сізді.... теңеймін немесе ұқсатамын.» (мысалы: жарқырап тұрған күнге) дейді. Жаттығу шеңбер бойымен жалғасады.

I. Берілетін сұрақтар:

1. Ата-анамен бала арасындағы махаббатты қалай түсінесіз?
2. Бақытты жанұя қандай болады?
3. Бала тәрбиесіндегі әке мен ананың рөлі?
4. Ата-анамен балабақшаның ынтымақтастығы дегенді қалай түсінесіз?
5. Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?
6. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер, Мысалы: түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады,..... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да сондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?
7. Сізге балабақшадағы тәрбиешіден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата - аналардан да «Біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?
8. Кейбір ата - аналардың баласының әрбір іс - әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың», - деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?
9. Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп, балабақшаға келіп тұрасыз. Тәрбиешісі сізді қатулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?
10. Балаңыз қандайда бір теріс іс - әрекеттер көрсетсе, сіз қандай шара қолданасыз?

Келесі тапсырма мен сіздерге сөйлемнің басы бар, ал аяғы аяқталмаған карточкалар тараттым. Сол карточкалардағы сөйлемдерді өз ойларыңызды ортаға салып аяқтау қажет.

II. Сөйлемді аяқтау.

1. Егер баланы үнемі сынап отырса...(оқуға құлқы болмайды).
2. Балаға үнемі күлсе...(бұйығы болып өседі).
3. Баланы қолдап отырса...(өз қадірі үшін оқиды).
4. Бала шыншылдықта өссе...(ол шыншыл болады, өтірік айтпайды).
5. Бала төзімділікте өссе...(адал болып жетіледі).
6. Бала қауіпсіз жағдайда өссе...(ол адамға сеніммен қарайды).
7. Бала кекшілдікте өссе...(ол қатыгез болып өседі).
8. Бала адалдықта өссе...(адал болып жетіледі).
9. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе...(бұл әлемнен махаббат табуға үйретеді).

«Тілек шамы» (қорытындылау)

«Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата - ана мен балабақша арасындағы қарым - қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан - жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір - бірімізге тілек айта отырып жүргізейік.

Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!.

Хаттама

Тақырыбы: «Ата-ана мен балабақша бірлестігі»

Мақсаты: Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынстың ерекшеліктерін көрсету.

Жұмыс түрі: Дөңгелек үстел

Контингент: Ата-аналар мен балалар

Уақыты: Сәуір

Жұмыс барысы

№	Жаттығу атауы	Мақсаты
1	«Танысу»	Ата-аналармен жақынырақ танысу
2	«Ата-ана мейірімі»	Ата-аналардың балаға деген мейірімін арттыру
3	«Балабақшаға баратын жолда»	Ата-аналардың балабақша баруда баламен қарым-қатынасын жақсарту
4	«Тілек шамы».	Ата-аналар бір-бірлеріне тілектерін айтады

Қорытынды: Ата-аналарға тренингтік шара ұнады. Олар шараға белсенді қатысты.

Ұсыныс: Ата-аналарға тренингтік шараларды ұйымдастырып тұру.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

Бейбітшілік
Арамы

«Отбасыммен бақытты бала болдым алақай»

(ата-аналар мен балаларға арналған
іскерлік ойын)

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022 ж.ж.

Тақырыбы: «Отбасыммен бақытты бала болдым алақай».

Мақсаты: Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын нығайту. Балабақшамен байланысын арттыру. Шара барысында жағымды психологиялық атмосфера құру.

Педагог-психолог: Құрметті ата-аналар балабақша тәрбиеленушілері және де әріптестер бүгінгі «Отбасыммен бақытты бала болдым алақай» атты іскерлік ойынымызға қош келдіңіздер! Сіздерге алдағы кезекті ойындарымызға белсене қатысуларыңызға сәттілік тілеймін.

Педагог-психолог: Іскерлік ойынның кезеңдерін атап өтсем:

- **«Еңбектеп жету» ойыны.**

Мақсаты: Ата-ана мен балаға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.

Бұл ойында балалар еңбектеп жүріп, қойылған белгіден айнала өтіп, аналарына қауышады. Осы кезде балалар аналарын сүйі керек. Ал аналары балаларын еркелетіп қарсы алулары тиіс.

- **«Мен машина жүргіземін» ойыны.**

Мақсаты: Балалардың белсенділіктерін арттыру.

Балалар ойыншық машинаны жүргізіп, белгіден айнала өтеді.

Аналарымен кездескен кезде аналарының бетін, қолын сипап еркелеулері керек.

- **«Суретті қимылдат» ойыны.**

Мақсаты: Балалардың тапқырлығын, шапшандығын қалыптастыру

Аналарға тиісті суреттер көрсетіледі. Олар өз балаларына не көрсетілгенін қимылы арқылы жеткізулері керек. Балалар суретте не бейнеленгенін табулары тиіс.

- **«Құрал-жабдықтар» ойыны.**

Мақсаты: Ой-қиялдың дамуы. Ата-ана мен бала арасындағы байланысты күшейту.

Ата-аналар мен балалардың алдына тиісті құрал-жабдықтары қойылады. Ата-аналар балаларымен бірлесіп, өз қиялдарынан туған дүниені жасап шығарады. Сурет сала ма, бір нәрсе құрастырады ма ерік өздеріңізде. Бастысы қиялға ерік беру.

- **«Тэй-тэй шоу» . «Тэй-тэй шоу» әуеніне ата-аналар мен балалар бірге билейді.**

Мақсаты: Ата-аналар мен балаларға жағымды психологиялық атмосфера сыйлау

Қорытынды: Құрметті ата-аналар осындай әдемі шарамызға белсене қатынасқандарыңыз үшін алғыс білдіреміз. Келесі кездескенше сау болыңыздар!

Хаттама

Тақырыбы: «Отбасыммен бақытты бала болдым алақай».

Мақсаты: Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын нығайту. Балабақшамен байланысын арттыру. Шара барысында жағымды психологиялық атмосфера құру.

Жұмыс түрі: Тренинг

Контингент: Ата-аналар мен балалар

Уақыты: 17.09.2021 ж.

Жұмыс барысы

№	Жаттығу атауы	Мақсаты
1	«Еңбектеп жету»	Ата-ана мен балаға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау
2	«Мен машина жүргіземін»	Балалардың белсенділіктерін арттыру
3	«Суретті қимылдат»	Балалардың тапқырлығын, шапшаңдығын қалыптастыру
4	«Құрал-жабдықтар»	Ой-қиялдың дамуы. Ата-ана мен бала арасындағы байланысты күшейту
5	«Тэй-тэй шоу»	Ата-аналар мен балаларға жағымды психологиялық атмосфера сыйлау

Қорытынды: Ата-аналар мен балалар үшін ұйымдастырылған шара өз деңгейінше өтті. Ата-аналар мен балаларға шара ұнады. Олар өздерінің аған әсерлерімен бөлісті.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

**«Отбасында баланы қалай
тәрбиелейміз?»**

(Ата-аналарға арналған баяндама)

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022 ж.ж.

Тақырыбы: «Отбасында баланы қалай тәрбиелейміз?».

Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі жайында толықтай ата-аналарды мағұлматпен қамтамасыз ету.

Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді.

«Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, — деп жазады А.С. Макаренко — Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар — осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар». Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды.

Отбасында басты мәселелердің бірі — баланың тіршілік іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу.

Мектеп партасында отырған баланың жан-жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі — ата-ана. Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс, оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, қадағалап отыру керек. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар бұған жеткілікті мән бермейді. Тіпті, кейде баласының қай сыныпта оқитынын, сабақтарының жетекшісін де білмей жататын үлкендер бар. Бала тәрбиесі — өте күрделі үрдіс және ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Баланың жақсысы әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы — қайғысы, бақытсыздығы, азабы», — дейді халқымыз. Бала мектепте 6,7 сағат болса, 18 сағат үйде болады, сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, жолдастарын сонымен қатар киетін киімін де қадағалап, аптаның соңғы күндері сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет.

Дүниенің ең тамаша туындысы — тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы — оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы — бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;
4. Үнемі ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Ата-ананың жауапкершілігі:

1. Балаға арамза әрекет жасағаны үшін жауапты.
2. Мұғалімге, мектептің педагогикалық ұжымына балағаттау және әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін жауапты.
3. Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты.
4. Балаға адамгершілік тәрбие беру үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты. Үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден бір жолы.
5. Мектептен кейінгі баланың білім мен тәрбие алуына бақылау жасауына жауапты.
6. Кәмелеттік жасқа жеткенге дейінге баланың салауатты өмір салтына сай тәрбие алуына жауапты.

Тәрбие жұмысын жүргізу – қиын да күрделі іс. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен бұл сөзі бүгінде өз мән-маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ.

Отбасындағы тәрбиенің ең дұрысы – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қатынаста әдеп-инабат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады.

Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады.

Егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді.

Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі – ата-ананың өнегелі тәрбиесінде.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата-анасын қуантып отырады.

Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Құрметті ата-аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кінәлаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолынды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т.б.» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі, үлгілі, ақылды, кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата-ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған — туыспен, көрші — көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып — соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып

тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу.

Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр — жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс-әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды байқайды. Сондықтан ата-ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс-әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл — қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа.

Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады.

Бүгінгі оқушы мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн.

Хаттама

Тақырыбы: «Отбасында баланы қалай тәрбиелейміз?».

Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі жайында толықтай ата-аналарды мағұліматпен қамтамасыз ету.

Жұмыс түрі: Баяндама.

Контингент: Ата-аналар.

Уақыты: желтоқсан

Жұмыс барысы.

Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;
4. Үнемі ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

Бейтешік
Арай

«Балаңыз мектепке дайын ба?»

(Түлектердің ата-аналарына арналған сауалнама)

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022 ж.ж.

Хаттама

Тақырыбы: «Балаңыз мектепке дайын ба?».

Мақсаты: Баланың мектепке деген көзқарасын, дайындығын анықтау

Жұмыс түрі: Сауалнама.

Контингент: Түлектердің ата-аналары.

Қатысқаны: 45

Уақыты: 17.05.2022 ж

Жұмыс барысы:

1. Балаңыз мектепке барғысы келе ме?

Иә – 100%

2. «Мектепте көп нәрсеге үйренесің және онда қызық» деген оны қызықтырады ма?

Иә – 100%

3. 25 мин ішінде балаңыз ойын жинақтап бір нәрсемен шұғылдана ала ма? (мысалы, еонструктор жинау)

Иә – 100%

4. Өзін танымайтын адамдардың арасында өзін еркін сезіне ме?

Иә – 81,25%; Жоқ – 18,75

5. Балаңыз сурет бойынша әңгіме құрағанда 5 сөйлемнен артық құрай алады ма?

Иә – 93,75%; Жоқ – 6,25%

6. Сіздің балаңыз тақпақты жатқа айта ала ма?

Иә – 75%; Жоқ – 18,75; Кейде – 6,25%

7. 10 ға дейін тура және кері санау біледі?

Иә – 56,25%; Жоқ – 43,75%

8. Сурет салып, оны бояуды жақсы көре ме?

Иә – 93,75%; Жоқ – 6,25%

9. Желім, қайшыны қолдану біледі ме? (мысалы, аппликация жасау)

Иә – 87,5%; Жоқ – 12,5%

10. 1 минут ішінде 5 бөлікке бөлінген суретті жинап үлгерді ме?

Иә – 75%; Жоқ – 25%,

11. Үй жануары мен жабайы жануарларды атай алады ма?

Иә – 93,75%; Кейде – 6,25%

12. Балаңыз түсініктерді жинақтай алады ма? (мысалы жуа мен сәбіз – көкөністер)

Иә – 93,75%; Жоқ – 6,25%

13. Балаңыз өздігінен сурет салғанды немесе картина құрастырғанды жақсы көреді ме?

Иә – 87,5%; Жоқ – 12,5%

Қорытынды: Баланың мектепке деген көзқарасы, дайындығы айқындала түсті. Жалпы бүкіл сұрақтың жауабын қорытындылай келе балалардың мектепке деген дайындығы, көзқарасы, қызығушылығы жақсы деңгейде.

Педагог- психолог: Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

**«Тәрбие жолдарын қалай
қалыптастырамыз?»**

(дөңгелек үстел)

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022 ж.ж.

Тақырыбы: «Тәрбие жолдарын қалай қалыптастырамыз?».

Мақсаты: Ата-аналарға бала тәрбиелеуде тиімді кеңестермен көмектесу. Ата-ана мен бала арасындағы байланысты арттыру.

Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған. Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді.

«Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, — деп жазады А.С. Макаренко – Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар – осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар». Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды.

Отбасында басты мәселелердің бірі – баланың тіршілік іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру. Ол үшін баланың күн тәртібі, жеке басына қойылған талаптар, міндеттер, үй еңбегіне араласуы, білімі, қызығушылықтары, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруына көмектесіп ықпалын тигізу.

Мектеп партасында отырған баланың жан-жақты тәрбие алуына ең бірінші ықпал ететін ұстаз болса, оның сүйеушісі – ата-ана. Сондықтан ата-ана өз баласының білім алуына барынша жағдай жасауы тиіс, оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, қадағалап отыру керек. Өкінішке орай, кейбір ата-аналар бұған жеткілікті мән бермейді. Тіпті, кейде баласының қай сыныпта оқитынын, сабақтарының жетекшісін де білмей жататын үлкендер бар. Бала тәрбиесі – өте күрделі үрдіс және ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Баланың жақсысы әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, бақытсыздығы, азабы», — дейді халқымыз. Бала мектепте 6,7 сағат болса, 18 сағат үйде болады, сол себепті ата-ана баласының оқуын, жүріс-тұрысын, жолдастарын сонымен қатар киетін киімін де қадағалап, аптаның соңғы күндері сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен байланыс жасап сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыруы қажет.

Дүниенің ең тамаша туындысы – тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. Оның ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол.

Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;
4. Үнемі ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Ата-ананың жауапкершілігі:

1. Балаға арамза әрекет жасағаны үшін жауапты.
2. Мұғалімге, мектептің педагогикалық ұжымына балағаттау және әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін жауапты.
3. Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты.
4. Балаға адамгершілік тәрбие беру үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты. Үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден бір жолы.
5. Мектептен кейінгі баланың білім мен тәрбие алуына бақылау жасауына жауапты.
6. Кәмелеттік жасқа жеткенге дейінге баланың салауатты өмір салтына сай тәрбие алуына жауапты.

Тәрбие жұмысын жүргізу – қиын да күрделі іс. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен бұл сөзі бүгінде өз мән-маңызын әлі күнге дейін жойған жоқ.

Отбасындағы тәрбиенің ең дұрысы – баланы еңбекке баулу. Ол – адамдық кемелденудің негізі. Еңбек ете білмеген немесе оны жек көрген адамның отбасы берекелі болмайды: отбасындағы да, қоғамдық ортадағы да тәрбиеде балаларды еңбек ете білуге, еңбексіз бос отыра алмайтындай сезімге тәрбиелеу басты нысана болуы тиіс. Сонда ғана отбасы мүшелелері арасындағы қарым-қатынаста әдеп-инабат, адалдық пен ақпейілдік үстем бола алады.

Отбасында жеткіншек ер баланы тәрбиелеу – бұл қарапайым емес маңызды және жауапкершілікті талап ететін үлкен іс. Өйткені осы жастағы ер баланың бойынан шығармашылыққа, өзінің өмірден орнын іздеу сияқты талпыныстарын байқауға болады. Осы тұста ата-ана олардың жан дүниесін түсініп, дер кезінде бағыт-бағдар көрсетсе, бұл ата-ананың бала тәрбиесіндегі тапқырлығы болып саналады.

Егер сіздің балаңыздың өмірде белгілі деңгейде жетістікке жетуін қаласаңыз, жеке тұлға ретінде, маман ретінде ашылуына еңбектендіре отырып, көмек беру қажет. Бұл ата-ана үшін, балалар үшін және қоғам үшін өте тиімді.

Ұлт тәрбиесі – ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін опық жеп бармақ тістемеу үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі – ата-ананың өнегелі тәрбиесінде.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуға, ауызша есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке дағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата-анасын қуантып отырады.

Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата-ана қолға алып, өз балаларының гүл, ағаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік дағдыға айналады.

Құрметті ата-аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсеңіздер, мұғалімдерді жолдастарын, қоғамды кінәлаудан гөрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен ағаттық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісінді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т.б.» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді.

Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі, үлгілі, ақылды, кішіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата-ана қадағалайды. «Тәрбие басы тал бесік», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп айтылған дана сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың бір-біріне деген қарым-қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған — туыспен, көрші — көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып — соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып

тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу.

Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр — жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен ғана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктерді ана тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусындаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге есемізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата-аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата-аналар күнделікті өмірде балаларының мінез-құлқына, қажетті қасиеттердің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата-ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Баланың көп уақыты сәби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс-әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды күн ырғағы негізінде жасалады. Күн ырғақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін-өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез-құлықтарды байқайды. Сондықтан ата-ана балаға үніле қарап, үнемі бақылап бала жан дүниесіне оң әсер ететін іс-әрекеттерді дағдыға айналдыру керек.

Ата-ана – бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де, шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірімен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл — қыздармен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа.

Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады.

Бүгінгі оқушы мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн.

Хаттама

Тақырыбы: «Тәрбие жолдарын қалай қалыптастырамыз?».

Мақсаты: Ата-аналарға бала тәрбиелеуде тиімді кеңестермен көмектесу. Ата-ана мен бала арасындағы байланысты арттыру.

Жұмыс түрі: Дөңгелек үстел..

Контингент: Ата-аналар

Уақыты: Ақпан

Жұмыс барысы.

Ата-ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс:

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;
4. Үнемі ата-аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Қорытынды: Ата-аналар арасында өзара пікірталастар болды. Олар өз тәжірибелерімен бөлісіп, сонымен қатар, педагог-психолог кеңестерін ескере отырып, бала тәрбиелеу жолдарын қалыптастырды.

Ұсыныс: Ата-аналарға пайдалы ақпараттар беріп, оларға бала тәрбиесінде көмектесу.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

«3 жас дағдарысы»

(Кіші топтың ата-аналарына арналған баяндама)

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022ж.ж.

3 жас дағдарысы. Ерте балалық шақ және мектепке дейінгі жас арасында 3 жас дағдарысы болады. Бұл бала өмірінің неғұрлым қиын сәттерінің бірі. Өзінің “Менінің” бөлініп шығу дағдарысы, әлеуметтік қатынастар жүйесін қайта қарау . Бала бағыты өзгереді. Егер де жаңа қатынастар дұрыс қалыптаспаса, оның ұсынысы қолдау таппаса, дербестілік шектеледі, балада үлкендермен қарым-қатынасында көрінетін дағдарыстық құбылыстар пайда болады. Л.С.Выготский және оның ізінен Э.Келер 3 жас дағдарысының 7 сипаттамасын суреттейді. Олардың біріншісі- *негативизм*. Бала ересектер қойған талаптарға жағымсыз реакция көрсетеді. Негативизм таңдамалы болуы да мүмкін, ол отбасы мүшесінің біреуінің тілін ғана алмайды немесе бір ғана тәрбиешіні тыңдамайды, ал басқаларымен қалыпта қатынаста болады. Әрекеттің басты мотиві- барлығын керісінше жасау.

3 жас дағдарысының екінші сипаттамасы – *қыңырлық (упрямство)*. Бұл баланың өзі қалаған нәрсесін жасауға ұмтылуы.

Өтпелі кезеңде *қырсықтық (строптивость)* көрініс беруі мүмкін. Бұл нақты бір адамға емес, ерте балалық шақта қалыптасқан қатынастар жүйесіне бағытталған.

Дербестілік тенденциясы байқалады: бала барлығын өзі жасап өзі шешкісі келеді. Негізінен бұл жақсы құбылыс, дегенмен дағдарыс кезінде бұл өз *еріктілікке* алып келуі мүмкін.

Кейбір балаларда ата-аналарымен конфликтілі жағдай жиі кездесуі мүмкін, олар үлкендермен үнемі соғыс күйінде болады. Мұны *наразылық-бүлікші* деп атайды.

Отбасында бір ғана бала болса *деспотизм (шексіз билеушілік)* көрініс береді. Бала қоршаған адамдарға өзінің билігін көрсетеді.

3 жас дағдарысының ең қызық сипаттамасы *бағасыздану (обесценивание)* . 3 жасар бала ұрыса бастайды, сүйікті ойыншығын лақтырып тастауы мүмкін, бұл құбылыстың барлығы баланың басқа адамдарға деген өзіне деген қатынасының өзгеруі жайында хабар береді.

Хаттама

Тақырыбы: «3 жас дағдарысы».

Мақсаты: Ата-аналарға бала дамуының негізгі кезеңдерінің бірі 3 жас дағдарысы туралы ақпаратты баяндау.

Жұмыс түрі: Баяндама.

Контингент: Кіші топтың ата-аналары.

Уақыты: қазан

Жұмыс барысы:

3 жас дағдарысының сипаттамалары:

- ❖ *негативизм.* Бала ересектер қойған талаптарға жағымсыз реакция көрсетеді. Негативизм таңдамалы болуы да мүмкін, ол отбасы мүшесінің біреуінің тілін ғана алмайды немесе бір ғана тәрбиешіні тындамайды, ал басқаларымен қалыпта қатынаста болады. Әрекеттің басты мотиві-барлығын керісінше жасау.
- ❖ *қыңырлық (упрямство).* Бұл баланың өзі қалаған нәрсесін жасауға ұмтылуы.
- ❖ Өтпелі кезеңде *қырсықтық (строптивость)* көрініс беруі мүмкін. Бұл нақты бір адамға емес, ерте балалық шақта қалыптасқан қатынастар жүйесіне бағытталған.
- ❖ Дербестілік тенденциясы байқалады: бала барлығын өзі жасап өзі шешкісі келеді. Негізінен бұл жақсы құбылыс, дегенмен дағдарыс кезінде бұл *өз еріктілікке* алып келуі мүмкін.
- ❖ Кейбір балаларда ата-аналарымен конфликтілі жағдай жиі кездесуі мүмкін, олар үлкендермен үнемі соғыс күйінде болады. Мұны *наразылық-бүлікші* деп атайды.
- ❖ Отбасында бір ғана бала болса *деспотизм (шексіз билеушілік)* көрініс береді. Бала қоршаған адамдарға өзінің билігін көрсетеді.
- ❖ 3 жас дағдарысының ең қызық сипаттамасы *бағасыздану (обесценивание)*. 3 жасар бала ұрыса бастайды, сүйікті ойыншығын лақтырып тастауы мүмкін, бұл құбылыстың барлығы баланың басқа адамдарға деген өзіне деген қатынасының өзгеруі жайында хабар береді.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

«Тәрбие басы – отбасы»

(Ата-аналарға арналған дөңгелек үстел)

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022ж.ж.

Тақырыбы: «Тәрбие басы- отбасы» дөңгелек үстел.

Мақсаты: Бала тәрбиесін ата- аналармен біріге шешу. Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту.

Барысы: Сәлеметсіздерме құрметті ата- аналар. Бүгінгі біздің «Тәрбие басы- отбасы» атты дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер! Қазір мен сіздерге сұрақтар дайындап қойдым. Сол сұрақтарды оқып, өз ойларымызбен бөлісейік.

I. Берілетін сұрақтар:

1. Ата-анамен бала арасындағы махаббатты қалай түсінесіз?

2. Бақытты жанұя қандай болады?

3. Бала тәрбиесіндегі әке мен ананың рөлі?

4. Ата-анамен балабақшаның ынтымақтастығы дегенді қалай түсінесіз?

5. Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

6. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер, Мысалы: түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады,..... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да сондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?

7. Сізге балабақшадағы тәрбиешіден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата - аналардан да «Біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

8. Кейбір ата - аналардың баласының әрбір іс - әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың», - деп айтып жататынын байқаймыз. Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

9. Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп, балабақшаға келіп тұрасыз.

Тәрбиешісі сізді қатулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?

10. Балаңыз қандайда бір теріс іс - әрекеттер көрсетсе, сіз қандай шара қолданасыз? Келесі тапсырма мен сіздерге сөйлемнің басы бар, ал аяғы аяқталмаған карточкалар тараттым. Сол карточкалардағы сөйлемдерді өз ойларыңызды ортаға салып аяқтау қажет.

II. Сөйлемді аяқтау.

1. Егер баланы үнемі сынап отырса...(оқуға құлқы болмайды).

2. Балаға үнемі күлсе...(бұйығы болып өседі).

3. Баланы қолдап отырса...(өз қадірі үшін оқиды).

4. Баланы шыншылдықта өссе...(ол шыншыл болады, өтірік айтпайды).

5. Бала төзімділікте өссе...(адал болып жетіледі).

6. Бала қауіпсіз жағдайда өссе...(ол адамға сеніммен қарайды).

7. Бала кекшілдікте өссе...(ол қатыгез болып өседі).

8. Бала адалдықта өссе...(адал болып жетіледі).

9. Бала түсіністікте және сүйіспеншілікте өссе...(бұл әлемнен махаббат табуға үйретеді).

III. Тренинг:

1. «Танысу» тренингі. Жүргізу жолы: Әр ата - ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі - үш сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Айдай сұлу -

Айсұлу.

2. «Шеңбер» тренингі. Мақсаты: Өзара сенімділікті арттыру. Барлық қатысушылар 10 адамнан бөлініп шеңбер құрып тұрады. Ортаға бір адам шығып көзін жұмып, орнынан қозғалмай тұрады. Ал басқалары сол адамды қолдарымен итеріп шеңбер бойымен айналдыру керек.

3. Тақырыбы: «Бір- біріңе жақында» тренингі. Мақсаты: Қатысушыларда болатын агрессияны төмендету. Жүргізу жолы: Сіздер бөлмеде еркін ,билеп жүресіздер де, менің айтқанымды орындайсыздар. Мен екеу деп айтқанда, сіздер өздеріңізге жұп тауып алуларыңыз керек. Еркін дегенде барлығы қайтадан еркін жүреді. Төртеу дегенде төрт адам бірігіп шеңбер құрып тұра қалу керек. Барлығы билеп тұру керек. Бесеу дегенде бес адам шеңбер құрып тұра қалу керек.

4. Тақырыбы: «Сенімділік» тренингі. Мақсаты: Қатысушыларда басқа адамға деген сенімділігін арттыру. Жүргізу жолы: Қатысушылар екі адамнан бөлінеді. Бірінші бір адам көзін жұмады ал екіншісі ол адамды қолынан ұстап бөлмені аралату керек. Көзі жұмық адам көзін ашып қойса онда ол жанындағы адамға сенбейді, ал көзін ашпаса ол жанындағы адамға сенеді. Сосын орындарын ауыстырады. Соңында өз сезімдерімен бөліседі.

5. «Тілек шамы» (қорытындылау) «Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата - ана мен балабақша арасындағы қарым - қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан - жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болуы үшін «Тілек шамы» жаттығуын бір - бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. Енді мына алдарыңызда ақ қағазда ағаштың суреті салынған сіздер мына стикерлерге бүгінгі дөңгелек үстелден алған сезімдеріңізді, тілектеріңізді жазып ағашқа жапыстыруларыңызды сұраймын.

Хаттама

Тақырыбы: «Тәрбие басы – отбасы».

Мақсаты: Бала тәрбиесін ата-аналармен біріге шешу. Ата - аналардың өзара қарым - қатынасын жақсарту.

Жұмыс түрі: Дөңгелек үстел.

Контингент: Ата-аналар

Уақыты: қараша

Жұмыс барысы:

I. Берілетін сұрақтар:

1. Ата-анамен бала арасындағы махаббатты қалай түсінесіз?
2. Бақытты жанұя қандай болады?
3. Бала тәрбиесіндегі әке мен ананың рөлі?
4. Ата-анамен балабақшаның ынтымақтастығы дегенді қалай түсінесіз?
5. Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

II. Сөйлемді аяқтау.

1. Егер баланы үнемі сынап отырса...(оқуға құлқы болмайды).
2. Балаға үнемі күлсе...(бұйығы болып өседі).
3. Баланы қолдап отырса...(өз қадірі үшін оқиды).
4. Баланы шыншылдықта өссе...(ол шыншыл болады, өтірік айтпайды).

III. Тренинг:

1. «Танысу» тренингі. Жүргізу жолы: Әр ата - ана өзін таныстыру керек, өзінің атына екі - үш сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Айдай сұлу - Айсұлу.

2. «Шеңбер» тренингі. Мақсаты: Өзара сенімділікті арттыру. Барлық қатысушылар 10 адамнан бөлініп шеңбер құрып тұрады. Ортаға бір адам шығып көзін жұмып, орнынан қозғалмай тұрады. Ал басқалары сол адамды қолдарымен итеріп шеңбер бойымен айналдыру керек.

3. Тақырыбы: «Бір-біріңе жақында» тренингі. Мақсаты: Қатысушыларда болатын агрессияны төмендету. Жүргізу жолы: Сіздер бөлмеде еркін, билеп жүресіздер де, менің айтқанымды орындайсыздар. Мен екеу деп айтқанда, сіздер өздеріңізге жұп тауып алуларыңыз керек. Еркін дегенде барлығы қайтадан еркін жүреді. Төртеу дегенде төрт адам бірігіп шеңбер құрып тұра қалу керек. Барлығы билеп тұру керек. Бесеу дегенде бес адам шеңбер құрып тұра қалу керек.

Отбасы, ұшқан ұя - жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

«Бөбек» балабақшасы

Бейбітшілік
Әрқашан

Сіз қандай ата- анасыз?

«Балапан»

Педагог-психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021-2022ж.ж.

Сауалнама атауы: «Сіз қандай ата-анасыз?».

Мақсаты: Баланың мазасыздану деңгейін анықтайтын диагностика.

Нұсқау: Ата-ана баламен қарым-қатынаста төмендегі фразалардың қайсысын жиі қолданса соның тұсына “+” таңбасын белгілейді.

1. Саған қанша рет қайталап айтамын 2 ұпай
2. Сен қалай ойлайсың? 1
3. Мен сенсіз не істер едім! 1
4. Соншама кімге тартқансың! 1
5. Сенің достарың қандай тамаша адамдар! 1
6. Туу, ұқсағансың! 1
7. Мен сен сияқты кішкентай болғанымда ... 2
8. Сен менің тірегім мен көмекшімсің 2
9. Сенің достарың өзі қандай адамдар... 2
10. Сені не қызықтырады? 2
11. Сен менің ақылшымсың! 1
12. Ұлым,қызым. Сен қалай ойлайсың... 1
13. Басқаның баласы бала сияқты да, ал сен.. 2
14. Сен қандай ойлап тапқышсың! 1

Хаттама

Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»


Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау

Жұмыс түрі: Сауалнама

Тобы: «Балапан»

Контингент: Ата-ана

Уақыты: 15.11.2021 ж



Қорытынды: Сауалнама нәтижесінде қарым-қатынаста тұрақты емес және қарым-қатынасты өзгертуі тиіс ата-аналар анықталды.

Ұсыныс: Ата-аналарға арналған кеңес құру.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

Хаттама

Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»


Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау

Жұмыс түрі: Сауалнама

Тобы: «Айгөлек»

Контингент: Ата-ана

Уақыты: 15.11.2021 ж



Қорытынды: Сауалнама нәтижесінде қарым-қатынаста бірқалыпты емес және қарым-қатынасты түбейлі өзгертуі тиіс ата-аналар анықталды.

Ұсыныс: Ата-аналарға арналған кеңес құру.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

Хаттама

Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»


Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау

Жұмыс түрі: Сауалнама

Тобы: «Ақбота»

Контингент: Ата-ана

Уақыты: 15.11.2021ж



Қорытынды: Сауалнама қорытындысында ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты түбегейлі өзгертетіндей нәтиже көбірек байқалды.

Ұсыныс: Ата-аналарға арналған кеңес құру. Кей ата-аналармен жекелей сөйлесу.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

Хаттама

Тақырыбы: «Сіз қандай ата-анасыз?»


Мақсаты: Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау

Жұмыс түрі: Сауалнама

Тобы: «Мөлдір бұлақ»

Контингент: Ата-ана

Уақыты: 15.11.2021 ж



Қорытынды: Нәтижесінде қарым-қатынаста бірқалыпты емес және қарым-қатынасты өзгертуі тиіс ата-аналар анықталды.

Ұсыныс: Ата-аналарға арналған кеңес құру.

Педагог-психолог:

Л.Ә.Дәулетова

Бекітілді: 

«Бөбек» балабақшасының
меңгерушісі: Г.Ж.Кажғалиева

«Баланызды толық білесізбе?»

(сауалнама)

Педагог- психолог: Л.Ә.Дәулетова

2021- 2022 ж.ж

Құрметті ата- ана:

Отбасын зерттеу мақсатында жауап беруіңізді сұраймын. Сіздің жауаптарыңыз педагогтарға, мамандарға әр баламен жеке жұмысты дұрыс ұйымдастыруға септігін тигізеді.

Баланың тегі, аты: _____

Жасы: _____

Отбасында нешінші бала: _____

Әкесі:

Аты-жөні: _____

Туған жылы: _____

Білімі, мамандығы: _____

Жұмыс орны: _____

Анасы:

Аты-жөні: _____

Туған жылы: _____

Білімі, мамандығы: _____

Жұмыс орны: _____

Отбасындағы басқа балалармен қарым- қатынасы: _____

Отбасында кімді көбірек жақсы көреді? _____

Баланыз қаншалықты жиі ауырады және қандай ауыр жарақат түрін алды ма? _____

Үйдегі ойындары және қызметінің негізгі түрлері? _____

Бала қандай ойыншықтарды жақсы көреді және оларды кім жинастырады? _____

Үй жағдайында баланың ой-өрісін дамытатын жұмыстар жүргізесіз бе? Қаншалықты жиі? _____

Сіз балаңызға қаншалықты көңіл бөлесіз? _____

Сіз баланызды қалай жазалайсыз? _____

Сіз баланызды қалай мақтайсыз? _____

Баланыздың балабақшаға көзқарасы? _____

Отбасындағы баланың әлеуметтік жағдайы? (жеке бөлме, жалпы бөлмеде, жеке төсек орны т.б) _____

Сіздің тілектеріңіз _____

Қатысқаныңыз үшін рахмет!

Хаттама

Тақырыбы: «Балаңызды толық білесіз бе?»

Мақсаты: Ата-аналар мен баланың арасыдағы қарым-қатынастың ерекшеліктерін анықтау.

Жұмыс түрі: Сауалнама

Контингент: ата-аналары

Уақыты: Сәуір

Жұмыс барысы

Ата-аналарға арнайы сауаламалар таратылады. Олар сұрақтарға жауап беру арқылы сауалама толтырады.

Қорытынды: Ата-аналар сауаламаға белсене қатысты. Түсінбеген сұрақтарын сұрап, толыққады жауап берді.

Ұсыныс: Ата-аналар мен баланың және балабақшаның ынтымақтастығын арттыруда шаралар өткізу.

Педагог- психолог:

Л.Ә.Дәулетова